



Қазақстан Республикасы Президентінің "Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық құру туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 4 желтоқсан N 1279

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық құру туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін белгілеу туралы" 2002 жылғы 19 қыркүйектегі N 947 Жарлығын іске асыру мақсатында қаулы етемін:

- 1. "Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық" мемлекеттік мекемесі құрылсын.
- 2. Қоса беріліп отырған Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық туралы ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 1, 2-құжат, 2001 ж., N 4-5, 43-құжат; 2002 ж., N 26, 272-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған Жарлыққа 1-қосымша мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық 14".

- 4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2002

жылғы

"__" _____

N __ __

Жарлығымен

бекітілген

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық туралы

ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер

1. Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық (бұдан әрі - Ұлттық орталық) Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

2. Ұлттық орталық өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін белгілеу туралы" 2002 жылғы 19 қыркүйектегі N 947 Жарлығына, осы Ережеге, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

3. Ұлттық орталық туралы ережені Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

4. Ұлттық орталық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен бланкілері, сондай-ақ бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде және банктерде тиісті шоттары болады.

5. Ұлттық орталық өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

6. Ұлттық орталықтың қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

7. Ұлттық орталықтың заңды мекен-жайы:
473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 2.

2. Ұлттық орталықтың негізгі міндеттері мен функциялары

8. Ұлттық орталықтың негізгі міндеттері:

1) Адам құқықтары жөніндегі уәкілге адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалауды жүзеге асыруда жан-жақты көмек көрсету;

2) Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөніндегі қызметін қамтамасыз ету;

3) Адам құқықтары жөніндегі уәкілге Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру бойынша адам құқықтары мен бостандықтары, оларды қорғаудың нысандары мен әдістері саласында ұсыныстар әзірлеуде, заңдарды халықаралық құқық, адам құқықтары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту қағидаттары мен нормаларына сәйкес келтіруде көмек көрсету;

4) адам құқықтары мен бостандықтары саласында халықты құқықтық ағартушылыққа жәрдемдесу болып табылады.

9. Ұлттық орталық оған жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды

ж ү з е г е

а с ы р а д ы :

1) азаматтарды қабылдауды және Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен және халықаралық шарттарымен кепілдік берілген олардың құқықтары мен бостандықтарын бұзатын лауазымды адамдардың және ұйымдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қ а р а у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

2) Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің атынан және тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдау бойынша Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мониторингін жүзеге асырады;

4) адамның бұзылған құқықтары мен бостандықтары туралы ақпаратты қорытындылайды, жүйелейді және талдайды, Адам құқықтары жөніндегі уәкілге олардың себептері мен шарттарын жою жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар енгізеді;

5) Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің пікірі бойынша зор қоғамдық маңызы бар жағдайларда Қазақстан Республикасының Президентіне, Парламентіне немесе Қазақстан Республикасының Үкіметіне Уәкіл арнау хаттарының жобаларын әзірлейді;

6) Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жүргізген тексерулер нәтижелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау үшін Уәкілдің ресми хабарламалары ж о б а л а р ы н д а й ы н д а й д ы ;

7) тиісті мемлекеттік органдарға іс-әрекеттері адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соқтырған адамдарды заңмен белгіленген жауапкершілікке тарту туралы, сондай-ақ материалдық және моральдық зиянды өтеу шараларын қабылдау туралы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл енгізетін ұсынымдардың ж о б а л а р ы н д а й ы н д а й д ы ;

8) Адам құқықтары мен бостандықтары, оларды қорғаудың нысандары мен әдістері, оларды халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларына сәйкес келтіру, адам құқықтары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру мәселелері бойынша Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қорытындыларының жобаларын дайындайды;

9) Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Қазақстан Республикасының заңдары туралы, адам құқықтары саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы құқықтық ақпаратпен қамтамасыз етеді;

10) Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің тапсырмасы бойынша адамның құқықтары мен бостандықтары саласында халықты құқықтық ағарту мәселелерімен айналысады, білім беру бағдарламаларының, ұлттық заң актілерінің жобаларын әзірлеуге қатысады;

11) Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі туралы ақпаратты жинауды,

талдауды және таратуды жүзеге асырады;

12) Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өз қызметі туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынатын жыл сайынғы есебін уақытылы дайындауды қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

13) Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының құқық қорғау және өзге қоғамдық бірлестіктерімен, сондай-ақ халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

14) Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы сарапшылар кеңесі қызметін ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

15) Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мұрағатын қалыптастырады және мұрағаты мен і с қ а ғ а з д а р ы н жүргізеді;

16) Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің тапсырмасы бойынша және оның құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Ұлттық орталықтың мүлкі

10. Ұлттық орталықтың жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

11. Ұлттық орталықтың мүлкі мемлекет берген мүліктің есебінен құралады.

12. Ұлттық орталыққа бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

13. Таратылған жағдайда Ұлттық орталықтың мүлкі заң актілерінде белгіленген тәртіппен пайдаланылады.

4. Ұлттық орталықтың қызметін ұйымдастыру

14. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Ұлттық орталықтың құрылымын бекітеді.

15. Ұлттық орталыққа басшылық жасауды Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын басшы жүзеге асырады.

Ұлттық орталықтың басшысы өз жұмысы туралы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге ү н е м і е с е п б е р е д і .

16. Ұлттық орталық басшысының өкілеттіктерін, лауазымдық міндеттері мен жауапкершілігін Адам құқықтары жөніндегі уәкіл белгілейді. Ұлттық орталықтың б а с ш ы с ы з а ң д а р ғ а с ә й к е с :

1) Ұлттық орталықтың жұмысын ұйымдастырады және оған басшылықты жүзеге а с ы р а д ы ;

2) заңдарға сәйкес мемлекеттік органдармен, өзге де ұйымдармен және лауазымды адамдармен қатынастарда Ұлттық орталықты білдіреді;

3) Ұлттық орталықтың жұмыс жоспарын әзірлейді, оның орындалуын іске асыруды және б а қ ы л а у д ы ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

4) Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің келісімі бойынша Ұлттық орталық қызметкерлерінің өкілеттіктерін белгілейді;

5) Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің келісімі бойынша Ұлттық орталықтың қызметкерлерін қызметтерге тағайындайды және қызметтерден босатады;

6) оның құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды ;

7) Ұлттық орталықтың басшысы оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады .

17. Ұлттық орталықтың штат кестесі әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес жасалады.

18. Ұлттық орталықты қаржыландыру жоспарын Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің келісімі бойынша Ұлттық орталықтың басшысы бекітеді.

19. Ұлттық орталықтың қызметіне материалдық-техникалық қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы жүзеге асырады.

20. Ұлттық орталықты қайта ұйымдастыру және тарату заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.